

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ КИЕЛІ ҰҒЫМЫНЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

Мақала қазақ ұлтының киелі, қасиетті ұғымының тілдік дүниетанымындағы көріні. Зерттеудің өзектілігі ұлттық құндылық, қазақ дүниетанымында маңызды мәнге ие киелі ұғымын ашып және оны тіл теориясы тұрғысынан қарастыру. Қазаққа киелі, қасиетті деп танылған танымға қатысты дәйекіті деректер беріліп, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер қарастырылды.

Кілт сөздер: *киелі, қасиет, шаңырақ, бесік, аң-құстар, дәстүр.*

«Киелі» сөзінің мән-мағынасы өте күрделі. «Киелі» ұғымы «Қасиетті» ұғымымен синонимдес мағынаға ие.

Көбіне «киелі» термині дін және метафизикамен байланысты. Негізінен «киелі» ұғымы «қасиетті» сөзімен мағыналас, қатар қолданылады. Философиялық сөздіктерде «киелі» деп латынның – *sacer* – құрмет тұту, қасиетті деп жариялау, құдайға арналған, ал «қасиет» сөзінің мағынасын латынның – *mysterium tremendum* – адамды бір мезетте бақытты ете алатын немесе қорқыныш пен үрейге иландыратын белгісіз күш деп анықтама берілген [1].

Ал, терминологиялық сөздіктерде «киелі» мен «культ» терминдері қатарласа беріледі. Латын тілінен «*cultus*» - сиыну, құрметтеу, қамқорлық жасау [2]. «Киелі» ұғымының мағынасы күрделі. Сонымен, кие деп қандай да бір заттың немесе тіршілік иесінің қасиеттілігін, жоғары тылсым күшін білдіретін ұғым деп қарастырамыз.

Тарих – ұлттық құбылыс. Оның ақиқатын, тылсым сырын ашу үшін бірінші кезекте халықтың, биліктің, тұлғаның, яғни тарихты түзушілердің барша өмірі мен hareketі неден күш алатынын, қайда табан тіреп тұрғанын анықтау қажет. Қазақ дүниетанымында ырым-тыйымдар, киелі ұғымдар, салт-дәстүрлер ерекше орын алады. Атадан балаға мирас болып қалған әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріміз біздің бүгінгі өміріміздің күнделікті тұрмыс-тіршілігіне көрік пен мән береді. Киелі ұғымының қолданыс бастауы беймәлім, дегенмен халық санасында киелі және қасиетті ұғымдары аса бір байыптылықпен орындалатын әрекеттерден тұрады. Қазақ өзін қоршаған ортаның құбылыстары және оны мекен еткен жан-жануарларының барлығын тәңірдің сыйы деп, ерекше мән беріп, құрмет тұтқан. Қасиетті деп аң-құстарды, тіршілікті, от пен суды, жер мен көкті тіпті өздері қолданатын құралдар мен әбзелдерді де киелі, қасиетті санаған.

Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқан күннен бастап салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптармен тығыз байланысты. Алғашқы қадамнан бастап адам баласының бүкіл ғұмырында киелі ұғымдар көптеп кездеседі. Бүгінгі күнге жеткен халқымыздың ұлттық дәстүріне тән. Дүниеге келген жас нәресте ұлттың болашағы, жалғасы деп бала тәбиесіне аса мән берген және сәби туылғаннан бастап түрлі салт-дәстүрді ұстанған. Қазақта бесік әкелу деген салты бар. Бесікті баланың нағашы әкеледі. Келін босанғаннан кейін өзін-өзі сыйлайтын кез келген ата-ана міндетті түрде құдаларына барып, қызының қал-жағдайын білуге келеді. Бұл — ата-ана үшін парыз. Себебі жатжұрттық болған перзентің «Ана» атануы үлкен дәреже. Бесік әкелудің өзі ерекше. Келіннің төркіні өз жұрты бір топ болып келетін болған және де жай келмей, баланың бесік жабдығын, түбек-шүмегін әкелген. Бесіктің жабдықтарын барынша әдемілеп жасаған. Түбегі мен шүмегінен басқа, қолтық жастық, тізе жастық дегені болады және олар ешқашан сүреңсіз сұр түсті маталардан тігілмеген. Кішкентай көрпешелері де мүмкіндігінше ашық түсті маталардан тігіледі. Бесіктің басына үкі тағады. Өйткені бала әсемдікке, әдемілікке бесікте жатқан кезден бастап үйренуі керек. Қазақ бесікке қатысты мақал-мәтелдер мен сөз тіркестерін тәрбиелік мақсатта қолданып, ұрпақтан-ұрпаққа беріп отырған, халық арасында көп таралғандары «Бесіктен түскен бөпеге, есікке дейін ен дүние», «Жаман деп бесікке күлме, тар деп бар есікке күлме», «Бесік — ұшар ұяң, есік — алтын шыған», «Бесік көрмеген ессіз болып есікке енеді», «Төрінде бесік тұрса, төре де бас иеді», «Есік арқалағаннан, бесік арқалаған артық», «Бесік баласы бес түлейді», «Ер бесіктен танылады».

Сайын даланы иелік еткен ата-бабамыз бір жерді ұзақ қоныстұрағы етпеген, үнемі орын ауыстырып отыратын қазақ өзіне ыңғайлы етіп киіз үйді баспана санап, қасиетті, киелі деп танып, ерекше қастерлеген. Осы орайда мәдениет танушы А.Сейдімбековтың киіз үй - үш бөліктен тұратын

жеті қат жер асты, жеті қат көк және жер беті үлкен әлемнің шағын үлгісі назарымызға саламыз. Киіз үйдің де тік бағыттағы ұғымды білдіретін ірге, белдеу, шаңырақ деп үшке бөлінеді. Көк күмбезінің тәңірі тектес күдірет саналатыны сияқты, киіз үйдің де шаңырағы – ең киелі бөлігі. Оның шаңырағы ғана емес, белдеуі мен босағасы да киелі саналады. Мифологиялық кеңістік – әлемнің, жердің, таудың ғарыштық нысандардың жаратылуын түсіндіретін мифтік аңыз негізінде адам санасында қалыптасқан кеңістік, дүниенің бейнесі. Этномәдени кеңістік – адам өмір сүріп отырған қоршаған орта, әлем, ортақ кеңістік. Бұл туралы зерттеуші Т.Х.Ғабитов былай дейді «Әрбір ұлттық мәдениетте бос кеңістікте емес, адамдандырылған қоршаған ортада әрекет етеді. Мәдени кеңістік оқшау, мәңгіге берілген енші емес. Ол тарихи ағынның өрісі болып табылады. Мәдени кеңістіктің маңызды қасиеті – оның тылсымдық сипаты. Керегенің аяғы төменгі әлеммен байланыстырады, ал басы жоғарғы әлеммен қатынаста болады» [3]. «Алдашы келіп, адам жанын алғалы бауыздағанда, керегенің үшінші көгіне дейін қан шашырайды екен», «Үй іші ала болса, керегенің көгі толған пәле болады» деген сөздер бар. Үйдің іргесі мен есік табалдырығы да төменгі әлеммен байланыстырылып, киелі деп саналады. Бұл кеңістік те аралық шекараға жатады. Туған бала тоқтамайтын болса, нәрестенің жолдасын табалдырықтың астына көмген. Дүниенің үш деңгейлік моделінің ұғымы күлтегінге қойылған ескерткіште сақталған: «Үсте көк тәңірі, аста (төменде) жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған». Кеңістікте басқа тіршілік иелерімен бірге адам өмір сүреді. Кеңістіктің жалпы құрамына аспан, жер, тау, су нысандар кіреді. Ойлаудың мифологиялық типі бойынша кеңістік бір текті емес және бір бағытта емес деп танылады.

Ш. Уәлиханов «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты еңбегінде: «Қазақтар киеге үлкен мән береді.

...Қазақ халқы шаңырақты, бесікті, табалдырықты қасиет тұтқан. Бұл үшеуін ешқашан аяқпен баспаған. Бұл үшеуі қашанда бірімен бірі байланысып, ұштасып жатады. Осынау қасиетті үш затты қатты тозып, тым ескірген кезде де аяқтың астына тастамай, өртеп жіберетін болған әрі күлін де аяқасты қылмай, көміп тастаған» [4].

Себебі кез келген үй табалдырықтан басталады, отыңның басы сол табалдырықтан бастау алады. Бесікпен сенің ұрпағың, әулетің өседі. Бесік — киелі мүлік. Біз өмірге жаңа келген баланы періштеге балаймыз. Дүниеге жаңа келген бала періштедей пәк, таза. Сәби мен періштенің аты қатар аталады, сондықтан да бесікті қазақ таза ұстаған. Бесіктің бірде-бір затын кірлетпейді. Шаңырақпен еңсең биіктейді, түтінің шығады.

Кей өңірде тым ескірген шаңырақтан ләйлек құсына арнап ұя жасайды. Бабаларымыз осылайша бір кездері түтіні шыққан шаңырақты да ендігі жерде балапанын өрбітетін құстың мекеніне, ұясына айналдыра білген.

Шаңырақты қиратып кететіндер де болған, «шаңырағын ортасына түсірді, бесігін бұзды» деп жатады. Бұл – дұшпанның ісі. Бұрындары адамдар сырттан келгенге «ауылда осынша шаңырақ, осынша түтін бар» деп таныстырып жатушы еді. Түтіні шықпаған, ешкімі қалмаған үйді «оты өшті» деп жатады. Немесе қайсыбір асып-тасып тұрғандарға «Әй, шаңыраққа қара!» деп жатамыз. «Түтінің түзу ұшсын», «шаңырағың биік болсын», «Отбасы тату болса, шырағы жанар», «шырағың өшпесін», деп бір-біріне жүрекжарды тілегін айтатын да біздің дана халық.

Халқымыздың ерте кездерде қалыптасқан тұрмыс-тіршілігіне қатысты салт-дәстүрлердің білгірі, көрнекті этнограф ғалым Жағда Бабалықұлы «... бұрынғы кездері қазақ отбасында майшам болатын. Ұйқыға кетер кезде майшамның отын үрлеп өшірткізбейтін. Білігін басып сөндіретін. Бұл да әдептілік. Әрі отты өшіру жақсы ырым емес. Өз отыңды өзің өшіргенмен бірдей боласың. «Отың өшпесін», «шырағың сөнбесін» деген тәлкілерді халқымыз бекер айтпаған» дейді.

Қазақ халқының дәстүрлі наным-сенімінде киелі құстар мен жануарлар – жақсылықтың жыршысы, берекенің бастауы, бақыт әкелуші, ырыс-құттың нышаны деп санағаны баршамызға аян.

Жануарлар айрықша қадірленетін тіршілік иелері. Қазақ халқының дәстүрлі наным-сенімінде, әдет-ғұрпында киелі жануарлар мен құстар көптеп кездеседі, оның дәлелі ретінде түрлі бейнелері мен символдарын тұрмы-тіршілігінде көптеп қолдануы, яғни бүркіт бейнесінің еліміздің туымызда көрініс табуы мен қос аққу бейнесінің отау құрар жастарға баламалауы мен түрлі киелі деп танылған құс қанаттары мен тырнақтарының жас баланың бесігіне немесе үй ішінде арнайы орындарда тылсым күштерден, жыннан қорғаушы элементі ретінде тағып, қолдануын жиі кездестіреміз.

Қорқыт атаның, Ы. Дүкенұлының, Н. Тілендиевтің «Аққу» күйлері, С.Сейфуллиннің «Аққудың айырылысуы», М. Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» туындылары аққуға деген сүйіспеншіліктің дәлелі.

Халқымыз бүркітті ерекше дәріптеп, «Құс патшасы – бүркіт, аң патшасы – арыстан», «Көк аспанның әміршісі», «Құс төресі бүркіт», «Дала сермендесі», «Қанаттылар тәңірі», «Аспан перісі» деп өте жоғары бағалаған. Түркітанушы Л.Гумелев «түркілерді народ-войска» деп атаса, түркілер өздерін «Тәңірінің жасағымыз» деп санаған, осыған орай қазақ халқы жауынгерлікті жалау етіп, ерлікті дәріптеді, нақ осының символы бүркіт болды деуге негіз бар.

Профессор Г.Н.Смағұлова: «Қазақ тіліндегі фразеологизмдер айналадағы қоршаған орта заттар мен құбылыстарға этнос тұрғысынан баға беру, сипаттау арқылы сол ұлттың ұлттық менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын аңғартады» [5], - деген пікір айтады. Ал, Мәлік Ғабдуллин «Мақал-мәтел бір ғасырдың ғана жемісі емес. Олардың үлгілері ескі заманда туып, өзінің қалыптасуы, дамуы, өсу процесінде талай ғасырмен бірге жасасқан. Бұл жолда әр түрлі қоғамдық, таптық тілектерге сәйкес өзгеріп, жаңарып отырған», - деген.

Әр халықтың дүниетанымында идиоэтникалық ерекшеліктер болады. Олар көбіне халықтың тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, өнерінде байқалады. Сол секілді киелі ұғыммен байланысты тілдік бірліктер тән. Қазақ халқына жалпы жануарлардың біршама бөлігі киелі қасиетті танылып, ерекше қолғалады, себебі әр жануардың киесі атады деген түсінік қалыптасқан. Төлдейтін уақыттарында тиіспей ол кезеңдерге атау беріп назарда ұстаған, «құралай», «текенің бүркылы» сынды атаулар берген.

Көшпелі, жауынгер халық дүниетанымында жылқы мен иттің орны ерекше және оларға қатысты тілдік деректерде мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер көптеп кездеседі. «Жылқы – малдың патшасы, түйе – малдың қасқасы», «Жүйрікті кекіл қағысынан байқайды», «Жүйрік атқа жал бітпес, тәк-тәкке малбітпес», «Итті тепкен, ырысты тебеді», «Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал» сынды мақалдарды жиі кездестіреміз.

Атадан балаға тілдік мұра ретінде беріліп, бүгінде кеңінен қолданыс табуда.

Қорытындылай келе, қазаққа киелі, қасиетті деген ұғымдардың қаншалықты маңызды екені аян. Ата-бабамыз сайын даланы мекен еткен етіп тау-тасын, аң-құсын киелі санап, жоғары бағалаған. Сарқылмас рухани байлықтың негізінде ұрпақ сабақтастығын жалғастыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Циренова Л. А. Краткий философский словарь. 2-е изд. – М.: РГ – Пресс, 2014. – 496 б.
2. Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный. – М.: Русский язык, 2000. – 1222 б.
3. Қайбарұлы А., Бопайұлы Б. Қазақ ырымдары. Казахские поверья // Қазақ этикасы және эстетикасы. Қазақ халқының философиялық мұрасы. 12-том / Құраст. Т.Х. Ғабитов. - Астана: Аударма, 2007. – 47-93 бб.
4. Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы // Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы, 2008. – 5-т.- 448 б.
5. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 194 б.

Филимонова Александра Петровна

Докторант Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, Казахстан

МЕТАФОРИЧЕСКИЕ МОДЕЛИ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ КОНЦЕПТА «КНИГА» НА ОСНОВЕ ДОМЕНА «ЧЕЛОВЕК»

Означивание явлений действительности через семантическое пространство концептов-артефактов, занимающих важное место в системе аксиологических представлений определенного лингвокультурного сообщества, становится предметом пристального научного интереса антропологически ориентированных исследований. Концепт «книга» как значимый элемент ценностной системы любой письменной культуры, «квинтэссенция мировой работы духа человеческого» (М. Горький), подвергается в языке активной метафоризации. Его высокий семантический потенциал способствует формированию широкого круга метафор на основе разнообразных моделей. Разрабатывая теорию концепта, лингвисты Волгоградской школы лингвокогнитологии (В. И. Карасик, Г. Г. Слышкин, Н. А. Красавский) выделяют в семантической структуре концепта три составляющие: понятийную (предметно-логическую), образную (метафорическую) и ценностную. Метафоризация понимается как один из продуктивных способов образного представления денотативной информации концепта. «Концепт является лишь